

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2023 жылғы 31 шілдедегі № 139
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2023 жылғы 2
тамызда № 33217 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**Төтенше жағдайдар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде
халыққа медициналық көмек көрсету тәртібін,
түрлері мен көлемін бекіту туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан
Республикасының Кодексі 7-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған төтенше жағдайдар, төтенше жағдай режимін енгізу
кезінде халыққа медициналық көмек көрсету тәртібі, түрлері мен көлемі
бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық
көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы
тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы
туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 31 шілдедегі
№ 139 бұйрығына
қосымша/

**Төтенше жағдайдар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде халыққа
медициналық көмек көрсету тәртібі, түрлері мен көлемі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы төтенше жағдайдар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде халыққа медициналық көмек көрсету тәртібі, түрлері мен көлемі (бұдан әрі – Тәртіп) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және төтенше жағдайдар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде халыққа медициналық көмек көрсету тәртібін, түрлері мен көлемін айқындайды.

2. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) апаттар медицинасы – әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған, халық ауруларының алдын алуды және оларды емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды, төтенше жағдайларды жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметтерінің қызметкерлеріне медициналық көмекті қамтитын медицина саласы;

2) апаттар медицинасының құралымдары – төтенше жағдайлар аймақтарында, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта жұмыс істеуге арналған жасақтар, топтар, бригадалар және шұғыл медициналық көмек көрсету мен медициналық эвакуациялау үшін құрылатын басқа да бөлімшелер;

3) зардап шегуші – табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зиян (нұқсан) келтірілген жеке тұлға;

4) төтенше жағдайлар кезінде халыққа шұғыл медициналық көмек – төтенше жағдайлар кезінде тікелей төтенше жағдай аймағында және (немесе)

оның шекараларында, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта жүзеге асырылатын, мақсаты бойынша эвакуациялауды ұштастыра отырып емдеу-профилактикалық іс-шараларының кешенін ұсыну нысаны;

5) төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдары – төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде туындаған жағдайды сипаттайтын және халыққа медициналық көмектің мазмұнын, көлемі мен ұйымдастырылуын айқындайтын факторлар мен шарттардың жиынтығы. Оның негізгі элементтері: халықтың санитариялық шығындарының шамасы мен құрылымы, олардың қалыптасу заңдылықтары; зақым алғандардың медициналық көмекке мұқтаждығы, төтенше жағдайлар аймағының (ауданының), төтенше жағдай режимі енгізілген аумақтың санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемиялық жай-күйі, медициналық-санитариялық қамтамасыз етуге арналған күштер мен құралдардың қажеттілігі және олардың болуы; медициналық күштер мен құралдардың жай-күйі; төтенше жағдайларды жою кезінде медициналық және авариялық-құтқару құралымдарының жұмыс жағдайы, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жағдайы және басқалар болып табылады;

6) төтенше жағдайлар кезіндегі медициналық көмек түрі – өткізілетін орнымен, медициналық көмек көрсететін тұлғалардың біліктілігімен және қолда бар медициналық жарақтардың бар-жоғымен айқындалатын емдеу-профилактикалық іс-шараларының тізбесі;

7) төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара;

8) шұғыл медициналық көмек көлемі – өмірлік көрсеткіштері бойынша төтенше жағдай аймағындағы, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақтағы жағдайдың шарттарына және медициналық эвакуациялау кезеңінің мүмкіндіктеріне байланысты медициналық көмек түрінің шеңберінде орындалатын толық немесе қысқартылған емдеу-профилактикалық іс-шараларының жиынтығы.

2-тарау. Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кезде медициналық көмек ұсыну тәртібі

3. Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кезде халыққа медициналық көмек төтенше жағдайдың санатына, сондай-ақ олардың медициналық-санитариялық салдарының сипаты мен ауқымына байланысты ұсынылады.

4. Объектілік төтенше жағдайлар кезінде зақым алғандарға медициналық көмек көрсетуді денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

5. Жергілікті, өңірлік және жаһандық төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдай режимі енгізілген кезде азаматтық қорғау медицина қызметінің күштері мен құралдары қолданысқа енгізіледі.

6. Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кездегі медициналық көмек тағайындалуы бойынша медициналық эвакуациялауды үйлестіре отырып, зақым алғандарды зақымдау сипатына, ауырлық дәрежесіне қарай кезеңдік емдеу әдісімен ұсынылады.

7. Бірінші кезеңде тікелей төтенше жағдай аймағында және/немесе оның шекараларында, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта шұғыл медициналық көмекті азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның шұғыл медициналық және психологиялық көмек қызметінің, авариялық-құтқару бөлімшелерінің, азаматтық қорғаудың апаттар медицинасы мен медициналық қызметінің құралымдары, сондай-ақ өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтап қалған аумақтық медициналық ұйымдардың күштері көрсетеді.

8. Екінші кезеңде медициналық көмек төтенше жағдай аймағынан тыс жерде, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетіледі.

9. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген төтенше жағдай кезеңінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-279/2020 бұйрығына сәйкес төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кезде медициналық көмек көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарының, медициналық және

фармацевтикалық қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың, сондай-ақ көлік ұйымдарының персоналы мен материалдық-техникалық құралдары тартылады және пайдаланылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21817 болып тіркелген).

10. Денсаулық сақтау ұйымдарында шұғыл медициналық көмек іс-шараларын жүргізу үшін алдын-ала азаматтық қорғау медицинасының құралымдары құрылады және қамтылады. Азаматтық қорғау медицинасының құралымдарын құру тәртібі «Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 387 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11243 болып тіркелген).

11. Төтенше жағдай аймағынан, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақтан зақым алғандарды қабылдауды, одан әрі медициналық көмек көрсетуді, емдеу мен медициналық оңалтуды денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

3-тарау. Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кездегі медициналық көмектің түрлері мен көлемі

12. Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кезде зардап шеккендерге медициналық көмек оны көрсету орнына, оны көрсететін тұлғалардың біліктілігіне және медициналық жабдықпен қамтамасыз етілуіне байланысты дәрігерге дейінгі, жедел және мамандандырылған медициналық көмек және медициналық оңалту түрінде ұсынылады.

13. Тікелей төтенше жағдай аймағында және/немесе оның шекараларында, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта мынадай медициналық көмек көрсетіледі:

1) дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлері дербес немесе денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейін диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен емшараларды орындауды және науқастарға, мүгедектер мен хал үстіндегі адамдарға күтімді қамтитын мультипәндік команда құрамында көрсететін медициналық көмек;

2) жедел медициналық жәрдем – өмірге қатер төндіретін жіті аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ оқиға орнында және (немесе) медициналық ұйымға бару жолында денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау үшін шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесі;

3) мамандандырылған медициналық көмек – бейінді мамандар диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету құралдарын пайдалана отырып көрсетілетін медициналық көмек;

4) медициналық оңалту – пациент организмiнiң функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын iшiнара немесе толық қалпына келтiруге бағытталған медициналық көрсетiлетiн қызметтер кешенi.

14. Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізілген кезде медициналық көмектің көлемі, төтенше жағдай аймағында, төтенше жағдай режимі енгізілген аумақта қалыптасқан медициналық-санитариялық және дағдарысты жағдайға байланысты белгіленген медициналық көмек түрлері шеңберінде тиімділігі басылымдық мейлінше дәлелденген профилактикалық, диагностикалық және емдік іс-шаралардың негізінде медициналық көрсетілімдер бойынша айқындалады.